



# ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ 2024

Астана, 2024

## Ұлттық бірыңғай тестілеу - 2024

«Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны»

*(ҚР «Білім туралы» Заңы  
1 б., 56 т.)*

- ✓ ҰБТ "1 тестіленуші – 1 компьютер – 2 камера" қағидаты бойынша өткізіледі.
- ✓ Түсушілер тестілеу орнын (аймақтық тестілеу орталығы - АТО), күнін және уақытын өз бетінше таңдай алады.
- ✓ Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары қолданылады.
- ✓ Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары қолданылады.
- ✓ Тестілеу нәтижесі тестілеу аяқталған соң бірден беріледі.
- ✓ Техникалық себептер бойынша өтініштер тестілеу барысында беріледі.
- ✓ Апелляцияға мазмұны бойынша өтініштер тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде беріледі.



## ҰБТ-ның мерзімі

ҰБТ жылына 4 рет өткізіледі

	1	2	3	4
Өтініштер беру мерзімі	20 желтоқсан мен 6 қаңтар аралығы	20 ақпан мен 10 наурыз аралығы	28 сәуір мен 14 мамыр аралығы	15 – 30 шілде аралығы
Тестілеудің мерзімі	10 қаңтар мен 10 ақпан аралығы	1 - 31 наурыз аралығы	16 мамыр 5 шілде аралығы	10 - 20 тамыз аралығы

## Тестілеуге қатысушылар

### ҰБТ\_Қаңтар

- мектептің 11 (12) сынып оқушылары;
- ЖОО-ға академиялық кезеге қабылданған студенттер (шартты түрде қабылданған);
- ЖОО-да шығармашылық дайындықты талап ететін Білім Беру Бағдарламалық (БББ) тобының студенттері және басқа БББ тобына ауысуға ниет білдірген студенттер;
- ЖОО-да басқа БББ тобында оқып, педагогикалық БББ тобына ауысуға ниет білдірген тұлғалар.

### ҰБТ\_Наурыз

- мектептің 11 (12) сынып оқушылары;
- мектептің өткен жылы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі Білім Беру ұйымдарының бітірушілері (толық оқу нысаны);
- шетелде білім алған мектеп бітірушілері;
- Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын ұлты қазақ адамдар (толық оқу нысаны);
- ЖОО-ға академиялық кезеге қабылданған студенттер (шартты түрде қабылданған).

### ҰБТ\_Мамыр-Шілде

- мектептің ағымдағы жылы бітірушілері;
- мектептің өткен жылы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі Білім Беру ұйымдарының бітірушілері (толық және қысқартылған оқу нысаны);
- шетелде білім алған мектеп бітірушілері;
- ҚР азаматы болып табылатын ұлты қазақ адамдар (толық және қысқартылған оқу нысаны);
- ЖОО-ға академиялық кезеге қабылданған студенттер (шартты түрде қабылданған).

### ҰБТ\_Тамыз

- мектептің ағымдағы жылы бітірушілері;
- мектептің өткен жылы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі Білім Беру ұйымдарының бітірушілері (толық оқу нысаны);
- шетелде білім алған мектеп бітірушілері;
- ҚР азаматы болып табылатын ұлты қазақ адамдар (толық оқу нысаны);
- ЖОО-ға академиялық кезеге қабылданған студенттер (шартты түрде қабылданған);
- ЖОО-да шығармашылық дайындықты талап ететін БББ тобының студенттері және басқа БББ тобына ауысуға ниет білдірген студенттер;
- ЖОО-да басқа БББ тобында оқып, педагогикалық БББ тобына ауысуға ниет білдірген тұлғалар.



## ҰБТ-ға өтініш беру

1 **АВТОРИЗАЦИЯДАН ӨТУ** және жеке кабинетін ашу (электронды поштаның және ЖСН көмегімен <https://app.testcenter.kz/> жүйесінде тіркелу)

2 Дербес деректерді өңдеуге **КЕЛІСІМНІ БЕРУ** және тестілеу кезінде тәртіп сақтау ережелерімен **ТАНЫСУ**

3 **ДЕРЕКТЕР** Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰББДҚ (НОБД))-дан алынады. **Өтініш бергіштер ЖСН көрсеткен кезде Т.А.Ә., ұлты, азаматтығы, оқу орны ҰББДҚ-дан таңдалады.**

4 **ҚОСЫМША ДЕРЕКТЕР** (өтініш бергіштер ұялы телефон нөмірлерін, халықаралық сертификаттар бойынша деректерді (бар болса), мүгедектігі туралы деректерді (бар болса) толтырады)

5 **ТЕСТІЛЕУ ДЕРЕКТЕРІ** (өтініш бергіштер тестілеу тапсыру тілін, бейінаік пәндерді, тестілеу тапсыру орындары мен уақытын таңдайды)

6 **ТӨЛЕМ**, тестілеу құны - 4230 тенге (төлем 1 сағаттың ішінде жасалуы тиіс)

7 Барлық мәліметтер өтініш бергішінің жеке кабинетінде қолжетімді болады

Өтініштерді қабылдау ҰТО сайтындағы жеке кабинет арқылы онлайн режимде жүзеге асырылады

### Тестіленушінің назарына:

- \* тіркелуден бұрын Ереже және нұсқаулықпен танысу;
- \* өтініш берген соң логин және құпия сөзді сақтап алу.

**Ескерту:** ерекше қажеттіліктері бар адамдар (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) ерекше қажеттіліктерін белгілеу туралы құжаты бар болған жағдайда құжатты ҰБТ-ға өтініш беру бағдарламалық жасақтамасына жүктейді және көмекшінің қажеттілігі туралы ақпаратты белгілейді.

## ҰБТ форматы

**10** ТЕСТ  
ТАПСЫРМАС  
Ы

- ОҚУ  
САУАТТЫЛЫҒЫ
- МАТЕМАТИКА  
ЛЫҚ  
САУАТТЫЛЫҚ

**20** ТЕСТ  
ТАПСЫРМАС  
Ы

- ҚАЗАҚСТАН  
ТАРИХЫ

**40** ТЕСТ  
ТАПСЫРМАС  
Ы

- 1-ШІ БЕЙІНДІК  
ПӘН
- 2-ШІ БЕЙІНДІК  
ПӘН

**БАРЛЫҒ  
Ы**

ТЕСТ  
ТАПСЫРМАЛА  
Р **12**

БАЛЛ **14**

210 минут (3 САҒАТ 30 минут).

## Тестилеуге кіргізу

биометрик Face ID



- АТО-да тестиленушілер бір-бірден жіберіледі,
- жеке басын көлемді-кеңістіктік нысандағы сканер арқылы (Face ID) және жеке басын куәландыратын құжат негізінде сөйкестендіріліп кіргізіледі

### Өзімен бірге болуы тиіс:

- жеке басын куәландыратын құжат
- 16 жасқа толмаған және жеке басын куәландыратын құжаты жоқ тестиленушілердің білім беру ұйымының бірінші басшының қолымен және мөрімен расталған білім беру ұйымынан анықтамасы және түв туралы куәлігі болуы тиіс.

*Ескерту:* Тестиленуші жеке куәлігін ұлпаңқан жағдайда eGov mobile қосымшасынан жүзпелімен электронды куәлікті ұсына алады



- Тестилеу барысында өз орнына "бөтен тұлғаны" кіргізуге талпынған тұлғаларға ағымдағы жылы ҰБТ тапсыруға рұқсат етілмейді

- Металл іздегішпен тексеру аймағында тыйым салынған заттар табылған жағдайда тиісті акт жасалады және тұлғаны тестілеуге жіберілмейді





## ҰБТ кезінде апелляцияға өтініш беру

### ТЕХНИКАЛЫҚ СЕБЕП БОЙЫНША



тестілеу кезінде беріледі

қандай жағдайда:

- ❖ тест тапсырмасы шартының фрагменті (мәтін, сызбалар, суреттер, кестелер) болмағанда

### ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША



30 минут ішінде беріледі

қандай жағдайда:

- ❖ дұрыс жауап дұрыс жауаптар қолымен сәйкес келмегенде;
- ❖ дұрыс жауап болмаса;
- ❖ бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларында бірден көп дұрыс жауап болғанда
- ❖ тест тапсырмасы дұрыс құрылмаса;



Апелляция нәтижелері 30 жұмыс күні ішінде ұсынылады

*Ескерту: Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша берілген өтініште дәлелді негіздемесі көрсетілмесе, өтініш қарастырылмайды*



## Тестілеуге алып өтуге тыйым салынған заттар:



ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫН (ПЕЙДЖЕР, ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДАР, ПЛАНШЕТТЕР, РАЦИЯЛАР)



НОУТБУКТЕР, ПЛЕЙЕРЛЕР, МОДЕМДЕР (МОБИЛЬДІ РОУТЕРЛЕР), СМАРТ САҒАТТАР, ФИТНЕС БЛЕЗИК (ТРЕКЕР)



РАДИО-ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ КЕЗ-КЕЛГЕН ТҮРЛЕРІ (WI-FI, BLUETOOTH, DECT, 3G, 4G, 5G, VHF, UHF, GPS)



СЫМДЫ ЖӘНЕ СЫМСЫЗ ҚҰЛАҚҚАПТАР, МИКРОҚҰЛАҚҚАПТАР, СЫМСЫЗ БЕЙНЕКАМЕРАЛАР, GPS НАВИГАТОРЛАР, GPS ТРЕКЕРЛЕР, ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫ



ШПАРГАЛКАЛАР, ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕР, МЕНДЕЛЕЕВ КЕСТЕСІ ЖӘНЕ ТҰЗДАРДЫҢ ЕРІПШІПІ КЕСТЕСІ



КАЛЬКУЛЯТОРЛАР

(Бұл ретте тестілеу өткізілетін компьютердің интерфейсіндегі калькуляторларды, Менделеев кестесін және тұздардың еріпшіпкі кестесін пайдалануға рұқсат етіледі)

A4 қағазы және қалам тестілеу пунктіде беріледі

## Түсушіге рұқсат етілмейді:

- ✓ аудиториядан (компьютерлік сыныптан) дәліз кезекшісінің функциясын атқаратын тестілеу администраторының рұқсатынсыз және алып жүруінсіз шығуға;
- ✓ аудиториядан (компьютерлік сыныптан) 10 минуттан артық шығуға;
- ✓ сөйлесуге, орын ауыстыруға;
- ✓ құжаттармен және түсушіге жұмыс үшін берілген А4 форматындағы парағымен алмасуға;
- ✓ ғимаратқа және аудиторияға (компьютерлік сыныпқа) оқу-әдістемелік әдебиеттерді, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштігі кестесін, калькулятор, фотоаппарат, ақпараттарды тасымалдау функциясымен жабдықталған кез келген ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбуктер, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер), смарт сағаттар, фитнес білезік, сымды және сымсыз құлаққаптар және басқа да микроқұлаққаптар), сымсыз бейнекамераларды, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларды, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерді, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) және тағы басқалар, шпаргалкаларды алып кіруіне және қолдануына;
- ✓ тестілеу алдында немесе тестілеу кезінде шулауға;
- ✓ тестілеу басталар алдында берілген А4 форматындағы қағаздарын өзімен бірге алып кетуге;
- ✓ тестілеу тапсырмаларының мазмұнын талқылауға және жария етуге;
- ✓ тестілеуге пайдаланылатын техникаға және қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге;
- ✓ тестілеу жүйесіне араласу әрекетіне және тестілеуден өтуге байланысты өзге де бұзушылықтарға.

**ҰТО сайтында (testcenter.kz) «ЖОО-ға түсушілерге» бөлімінде жарияланған  
2024 жылғы ҰБТ-ға дайындықты арттыруға арналған материалдар**

- Министрлікпен бекітілген оқулықтар тізімі;
  - Тест спецификациялары;
  - Тест жоспарлары;
  - Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы бойынша 100 дата;
  - Қазақ әдебиеті және орыс әдебиетінен шығармалар тізімі;
  - Информатика пәні бойынша терминдер (3 тілде);
  - ҰБТ-ға дайындалуға арналған тегін онлайн байқау сынағы (Prob-ent.testcenter.kz).
- ☛ *тест спецификациясы – тесттің басты сипаттамаларын анықтайтын құжат (тесттің мақсаты, міндеті, мазмұны т.б.)*

